

## Электронды оқу басылымдарын білім беру үрдістерін жетілдіру үшін пайдалану

Қ.Қ. СМАҒҰЛОВА, аға оқытушы,  
Г.Т. ШОШЫМБЕКОВА, студент,  
Ж.Қ. РАХИМБЕКОВА, студент,  
Р.С. ДЮСЕНБАЕВ, студент,  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Мақала ЖОО оқыту процесін электрондық оқу құралдарын пайдалану арқылы жаңандыруга арналған. Электрондық оқу құралы оқыту процесін оңтайланырудыруга мүмкіндік береді. Ақпаратты қабылдау процесін жеделдештеп мүмкіндігін береді. Интерактивті оқулық басылымының оңтайлы құрамы көрсетілген. Оқу материалының түрлі деңгейлері толық қарастырылған. Электрондық оқыту құралдарының құрамы аталған.

Казіргі уақытта білім жүйесінде жаңа өдіс қалыптастыру мақсатымен сапалық мәселе сіне көп көңіл бөлінеді. Казіргі таңда жоғарғы оқу орындарының алдында білім беру үрдісін белсенділендіру міндетті болып тұр.

Соңғы жылдары оқу және сөздік-анықтамалық сипаттағы электронды басылымдардың ролі үздіксіз артуда. Бұл көптеген факторларға байланысты. Электронды басылым баспа басылымына қараганда едәуір арзан. Оны дайындау мен жасап шығару жұмыстары «қағаз» технологияларын пайдаланусыз және баспахананың қатысуынсыз жүзеге асады. Бұл жағдай электронды басылымның берілген пәннің даму үрдісіне орай жылдам өзгеруіне жағдай жасайды, яғни оқу материалымен қатар, жаңа ғылыми нәтижелерді баяндаудағы жоғары жеделдікке қол жеткізіледі. Сонымен қоса, электронды оқыту басылымдары көп жағдайда едәуір функционалды болып келеді.

Электронды оқу құралы материалды менгеру үрдісін оқытушылардың нақты тобының қажеттілігіне сайн едәуір өсерлі етіп үйімдестеруға, оқу қуралын пайдалану үрдісін оңтайлы етуге мүмкіндік береді, ал бұл жағдай ақпаратты қабылдау үрдісін тездештеге және оны ұғынуды жақсартуға жағдай жасайды.

Пәннің өз бетімен оқып-үйрену кезінде студенттің берілген материалды менгеруінің өзіндік жолдары мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігі болады, және бұл ақпараттың (әдетте) иерархиялық орналасуы, әртүрлі дәрежелі ақпаратқа оқулық шеңберінде гипермөтіндік қол жеткізу мүмкіндігінің болуы және басқа білім көздеріне шығу жолдарының қолайлылығы есебінен іске асады. Электронды оқулықтың жалғыз кемшілігі – оны оқу үшін қосымша қондырығының – компьютер мен монитордың қажеттілігінде.

Сайтта орналасқан оқу құралдарын көп мақсаттарға колданылатын оқулықтар ретінде сипаттауға болады. Олар күндізгі оқу бөлімдеріне де, сондай-ақ қашықтықтан оқыту бөлімдеріне де

арналған, және белгілі дәрежеде оқулық сипаттарында болады, монография, анықтамалық және оқыту бағдарламасының да қызыметтерін атқарады. Оқу бөлімдерінің түріне (күндізгі, сырттай, қашықтықтан) байланысты оқулықтарға түзетулер енгізілуі мүмкін. Осылайша, алғашында қашықтықтан оқыту құралдары ретінде жазылған интерактивті оқулықтар дәріс курстары, зертханалық және тәжірибелі сабактар үшін қолданыла алады және шағын-дискілерде таратылады, ал Интернет желісінде орналасқан олар қашықтықтан оқытындарға да кол жетімді болады.

Біздің ойымызша, интерактивті оқулықтың оптимальдық құрылымы мынадай болуы керек. Оқу материалдары үш деңгейде көрсетілуі керек.

**I деңгей:** өзі арналған пәннің негізгі түсініктепері мен анықтамаларын және баяндалуын қамтитын оқулық, яғни материал. Әрбір тараудың сонында өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беретін сұрақтардың болуы қажет. Оқу құралының бұл деңгейін шартты түрде «білім деңгейі» деп атауға болады.

**II деңгей:** зертханалық жұмыстардың (тәжірибелі сабактардың) тапсырмалары, ғылыми басылымдардың көшірмелері, және де студентке орындалып жатқан жұмыстың орнын зерттелетін ауқымда откізілетін ғылыми зерттеулердің қурамында көрсетуге мүмкіндік беретін Интернет корларының сілтемелері. Бұл деңгейдің мақсаты – алған білімді тәжірибе жүзінде бекіту. Зертханалық жұмыстар студенттерді ғылыми жұмыстарға дағылданырады. Осы жерде курстың барлық болімдері бойынша есептерді шешудің жеке мысалдары келтірілген. Ғылыми журналдарда басылып шықкан немесе Интернет желісіне орналастырылған айрықша еңбектер белгілі жұмыс тәжірибесі бар студенттерге, және магистранттар мен аспиранттарға арналған. Бұл материалдар студенттерге зерттелетін ауқымдағы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың шынайы деңгейін бағалауга, және, осыған негізделіп, олардың оқу үрдісі шеңберінде өз бетінше жұмыс жасаудары үшін алатын тапсырмаларын орындауга көмектеседі. Оқу құралының осы деңгейін алған білімді пайдалануға «дағылану деңгейі» деп шартты түрде атауға болады. Осы жерге студенттердің өзіндік зерттеулер жүргізулеріне арналған тақырыптардың тізімін орналастыруға болады.

**III деңгей:** болашақ мамандыққа сәйкес нақты зерттелетін ауқымда жұмыс істеуге арналған мәліметтер.

Электронды басылымдарың құрамына олардың тәжірибелік болімін қымбат зертханалық қондырыларды пайдаланбай-ақ менгеруге мүмкіндік беретін компьютерлік зертханалық және тәжірибелі жұмыстар кіре алады. Бұл жағдай зертханалық жұмыстарды орындау мүмкіндігі жоқ кезде сырттай оку боліміндегі студенттер үшін аса өзекті мәселе болып табылады. Сырттай оку боліміндегі студент әдетте мамандығы бойынша жұмыс істейді, және тәжірибелі болады, яғни мұнданың студентке қажетті нәтижелерді алу өдістерін оқып-білу аса қыныңга соқпайды. Дөл осы жағдайда компьютерлік зертханалық жұмыстар оған маңызды комек бере алады. Зертханалық жұмыстар саны олардың оку жоспарындағы санынан көп болуы мүмкін, және студенттің оларды өз қызығушылықтарына сай таңдауга мүмкіндігі бар. Әрбір студент зертханалық жұмыстарды жеке тапсырма бойынша орындауды.

Тәжірибелік жұмыстарды орындаудың зертханалық жұмыстарды орындаудан айырмашылығы – қайталанбайтын бастапқы мәліметтері бар тапсырмалар студентке үйде орындауга беріледі. Үйде орындалатын бақылау жұмыстарының курс тараулары бойынша орындалуы оку бағдарламаларымен қарастырылған. Бақылау жұмыстарының әрқайсысы өз бетінше шығаруға арналған 5-10 тапсырмадан туралы және көпнұсқалы етіп дайындалады.

Жасалған жинақтар құндізгі оку боліміндегі студенттер үшін де оку және анықтамалық құралетінде қолданылуы мүмкін.

Студенттердің материалды және техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды әртүрлі нұсқаларда қатар іске асыру мүмкіндіктерін алдын-ала қарастыру қажет. Мысалы, желілік компьютерлік технологияларды (галамдық және бірлескен компьютерлік желілерді) пайдалану, оку материалдарын дербес тасымалдаушылар (дискета, CD-дисқілер, бейнетаспалар) арқылы беру, оку мекемесінің техникалық базасын (компьютерлік сыйыптарды, бейнеадиторияларды) пайдалану, дөріс курстарының зертханалық және тәжірибелік сабактардың баспалық нұсқаларын басып шығару мүмкіндігі бар.

Оку құралы – қазіргі заманға сай ақпараттық-әдис-темелік жинақтардың негізі болып табылады. Дәстүрлі оку құралдарының негізгі кемшілігі: материал ақпараттық буындар түрінде беріледі, яғни бұл жағдай оқытылушының осы буындарды менгеруге селіс қарауын алдын-ала жорамалдайды. Оқытылушыны бақылау сұрақтары мен тапсырмалары арқылы белсенділедірек тырысу қажетті нәтижелер бермейді.

Электронды оқулық – қазіргі заманға сай салыстырмалы жаңа дидактикалық құрал. Электронды оқулықты оқыту үрдісінен енгізуінің басты мақсаты – оқытылатын материалды беру ғана емес, ең алдымен, оқытылушының белсенділік қалыптың сақтарап қалу. Біз оку үрдісін жаңаша білімді игерудің эволюциялық интерактивті үрдіс ретінде көрсетеміз.

Таным – бұл эволюциялық үрдіс. Электронды оқулықты жасау кезінде оған ең алдымен оқыту эволюциясы принципінің негізі салынуы қажет. Осыған байланысты электронды оқулықта оқытудың интерактивті принципі іске асады, және ол оқытыла-

тын материалды теренірек үғынуды қамтамасыз етеді.

Электронды оқулық келесі негізгі бөлімдерден түруы қажет:

- кіріспе, мұнда курстың мақсаты мен тапсырмалары, оның жоспары көрсетіледі;

- пәннің негізгі мазмұны, дидактикалық материал мен (кестелер, сұлбалар, сыйбалар) қамсыздандырылған текст түрінде беріледі;

- бөлімдер бойынша сұрақтар, есептер, тесттік тапсырмалар;

- оқулықпен жұмыс істеу ережелері мен өдістемелік нұсқаулар.

Оқулықтың электронды формасының артықшылығы – оның иерархиялық құрылымды болуында. Бұл білім алу үрдісіне қысынды түрде сөйкес келеді, өйткені студент ненің негіздік ақпарат болып табылатындығын және оның қай бөлігінің берілген нақты тақырыппен байланысты екендігін анық көріп отырады, және аса құрделі құбылыстар мен үрдістерді түсінуде қыындық туындаған жағдайда қай бөлімге қайта оралу керектігін әрқашан біліп отырады.

Электронды оқулықтардың қағаз түріндегілерден артықшылығы – оларды әрдайым жетілдіру мүмкіндігінде. Электронды оқулықты шағын-дискіге әрбір жазған сайын, аз да болса, жетілдірілген нұсқасы жазылады. Бұл кезде оқулық ақпараттық жүйеге тән көбірек қасиеттерге ие болады, көп жағдайда іздеу жүйесінде енгізіледі. Шағын-дискіде орналасқан материалдар студенттермен сабак жүргізген кезде, олардың зертханалық жұмыстарды орындаудары кезінде, және де өзіндік жұмыстарды, яғни курстың және дипломдық жобаларды жазған кезде пайдаланылады. Мұның бәрі студенттерде қазіргі заманға сай ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге дағылануды қалыптастыруға жағдай жасайды және оларды қазіргі заманғы технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулер жүргізуға ынталандырады.

Осылайша, электронды оку басылымдарын білім беру үрдісінде қолдану танымдық үрдісті белсенділедірек, студенттердің білім деңгейін бағалау мен өзін-өзі бағалау кезінде өділдікке жағдай жасайды, және студенттерде өздігімен жұмыс істеуге дағылануды қалыптастырады.

## **ӘДЕБІЕТ**

1. Вуль В.А. Электронные издания. М. – СПб.: Петербургский институт печати, 2002. – 308 с.

**Смагулова К.К., Шошимбекова Г.Т., Рахимбекова Ж.К., Дюсенбаев Р.С. Использование электронных учебных изданий для совершенствования образовательного процесса.**

Статья посвящена активизации процесса обучения в вузе через использование электронных учебных изданий. Учебное электронное пособие позволяет оптимизировать процесс обучения, дает возможность ускорить процесс восприятия информации. Показан оптимальный состав интерактивного учебного издания. Подробно рассмотрены различные уровни учебного материала. Перечислен состав электронного обучающего средства.

*Smagulova K.K., Shoshyimbekova G.T., Rakhimbekova Zh.K., Dyusembayev R.S. Using Electronic Teaching Editions to Improve Educational Process.*

*There is considered the activation of the teaching process at a higher school through using electronic teaching aids. An electronic teaching aid permits to optimize the teaching process, gives the possibility to accelerate the process of information perceiving. There is shown an optimal structure of an interactive teaching edition. There are considered in details different levels of the teaching material. There I presented the structure of an electronic teaching aid.*

**АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:**

**Смагұлова Карыға Қанатқызы**, «Өндірістік процесстерді автоматтандыру» кафедрасының аға оқытушысы, «Электрэнергетика» мамандығы бойынша докторантты. ҚарМТУ-да 2005 жылдан бастап жұмыс істейді. Қараганды мемлекеттік техникалық университетін 3308 «Электржетек және технологиялық кешендерді автоматтандыру» мамандығы бойынша бітірді, 2007ж. «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша магистратураны бітірді. Ғылыми-педагогикалық қызметтептің айналыса отырып, 10-нан астам ғылыми және оқу-педагогикалық еңбектердің авторы.

**Шошымбекова Гүлнур Темірбекқызы**, «Өндіріс-

*тік процесстерді автоматтандыру» кафедрасының студенті. ҚарМТУ-да 2007 жылдан бастап 050702 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша оқиды. Қызыгуышылықтары: микроконтроллерлер үшін бағдарлама жасау, технологиялық үрдістерді қолданбалы бағдарламаларда орындау және оларды зерттеу.*

**Рахымбекова Жазира Құралқызы**, «Энергетика, телекоммуникациялар және автоматика институтінің» студенті. ҚарМТУ-да 2009 жылдан бастап 050702 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша оқиды. Қызыгуышылықтары: микроконтроллерлер үшін бағдарлама жасау, технологиялық үрдістерді қолданбалы бағдарламаларда орындау және оларды зерттеу.

**Дюсенбаев Рустам Сейтханұлы**, «Энергетика, телекоммуникациялар және автоматика институтінің» «В.Ф. Быръка атындағы өндірістік процесстерді автоматтандыру» кафедрасының студенті. ҚарМТУ-да 2009 жылдан бастап 050702 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша оқиды. Қызыгуышылықтары: микроконтроллерлер үшін бағдарлама жасау, технологиялық үрдістерді қолданбалы бағдарламаларда орындау және оларды зерттеу.